



№29 (8233)

23 шілде
БЕЙСЕНЫ,
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



ken-zhyloi.kz



Ken-Zhylyoi@mail.ru



ken_jyloi_gazeti



kenzhyloi



ken.jyloi



JYLOINews



ken_jyloi_gazeti

* Жарлық

Б.О. АҚШОЛАҚОВТЫ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Болат Оралұлы Ақшолоков Атырау облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.
Қазақстан Республикасының
Президенті
Астана, Ақорда, 2026 жылғы 17 шілде
№ 1369

Қ.ТОҚАЕВ

БОЛАТ АҚШОЛАҚОВ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Болат Ақшолоков 1971 жылы 9 сәуірде Атырау қаласында дүниеге келген. Ол Қазақ мемлекеттік басқару академиясының бухгалтерлік есеп және экономикалық кибернетика факультетін және мұнай-газ саласының білім беру орталығын бітірген. Оның мамандану салалары: "Жер қойнауын пайдалану келісімшартын бағалау" және "Мұнай өндіру экономикасы".

Ол өзінің мансабын 1994 жылы "Әлем Банк Қазақстан" компаниясында экономист, содан кейін бас экономист болып бастады.

1995-1997 жылдары - "Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінде" бөлім бастығы, содан кейін департамент директоры.

1997-2001 жылдары - "Қазақойл" ұлттық мұнай компаниясы" ЖАҚ-та аға сарапшы, менеджер, бас менеджер және департамент директорының орынбасары.

2001-2003 жылдары - "Commonwealth and British Services Ltd" компаниясында бизнес-талдаушы, менеджер және қаржы директоры.

2003-2006 жылдары - "ҚазМұнайГаз" ұлттық мұнай компаниясы" ЖАҚ-та акцияларды басқару жөніндегі атқарушы директор.

2006-2008 жылдары - Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар вице-министрі.

2009-2010 жылдары - "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ электр энергетикасы және мұнай-газ активтерін басқару жөніндегі басқарушы директор.

2010-2011 жылдары - "PSA" ЖШС бас директоры.

2011 жылы ол "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ президенті болып тағайындалды.



2012-2014 жылдары - Мұнай және газ вице-министрі.

2014-2017 жылдары - "Almex Petrochemical" ЖШС бас директоры.

2016-2017 жылдары - "Қазақстан мұнай, газ және энергетикалық кешен ұйымдары қауымдастығы" (Kazenergy) заңды тұлғалар қауымдастығының бас директоры.

2017 жылдан 2019 жылға дейін - Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі.

2019 жылдан 2021 жылға дейін Kazenergy компаниясының бас директоры қызметін атқарды.

2019-2021 жылдары - "Almex Petrochemical" ЖШС бас директоры.

2021 жылдың сәуірінен 2022 жылдың қаңтарына дейін - "Самұрық-Қазына" АҚ активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры.

2022 жылдың 11 қаңтарынан 2023 жылдың 4 сәуіріне дейін энергетика министрі қызметін атқарды.

2023 жылдың 4 сәуірінен 2025 жылдың 13 ақпанына дейін Қазақстан Президентінің кеңесшісі болды.

2025 жылдың 14 ақпанынан бастап Kazenergy төрағасы қызметін атқарды.

* Еңбекке баулу

БӨБЕКТЕР ЖЫЛЫЖАЙ ЖҰМЫСЫМЕН АЙНАЛЫСУДА

Жылыой балабақшаларында жылыжай ашылып жатыр. «Жасыл балабақша» жобасы аясында жүзеге асып жатқан бастама аудандағы «Балапан» бөбекжай бақшасынан бастау алған. Балабақша меңгерушісі мен тәрбиешілер бірлесіп, қаңтар айында көкөністердің тұқымын егіп, кейін жылыжай құрылысы қолға алынған.

— Балабақшамиыздағы жылыжайда қияр, баялды, қызанақ пен құлпынай тағы да басқа көкөністер өсіріледі. Енді осы жылыжай құрылысын ғимараттың ішіне көшіру жазғын ойластырудамыз, орны да дайын. Әрі қарай да бұл бастаманы өркендетіп, өсірілетін өнім түрін көбейтпек ниетіміз бар,- дейді «Балапан» бөбекжай бақшасының меңгерушісі Алмажай Құбайдоллақызы.

Ігі бастама қаладағы «Аққайың» балабақшасында да жүзеге асуда. Тәрбиешілердің айтуынша балабақша тәрбиеленушілері жылыжай жобасы аясында егін егіп, қол еңбегіне араласып, бүгінде еңбектерінің жемісін жейде. Осылайша бөбекжай қызметкерлері тәрбиеленуші ұл-қыздарды ерте жастан еңбекке бау-

луда. Қазір балаларға ойын ойнағаннан гөрі, балабақшада жылыжай жұмысымен айналысқан ұнайтын көрінеді.

— Біз өзіміздің жұмысымызды балалармен бірге топта бастадық. Алғашында бақша өнімдерін өсіруді зерттеу жұмысы ретінде қарастырдық. Балалар тәрбиешілердің көмегімен дәннен бастап егін, көкөністердің өсу этаптарын бақылап отырды. Соның арқасында балалардың қол моторикасы, танымдық қабілеттері дамыды. Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын осылайша арттырғымыз келді. Бұл тәжірибе балалардың өздеріне де қатты ұнады,- дейді «Аққайың» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі Гүлнар Жанұзақова.

Балабақшалардағы жылыжайларда



тамшылатып суару жүйесі мен күннен қуат алатын прожекторлар орнатылған. Сондай-ақ тыңайтқыш үшін жауынқұрттар да өсірілуде.

Одан бөлек, «Жас ұрпақ ордасы» балабақшасында табиғат бұрышы ашылып, балаларға қоршаған ортаны таныстыру мақсатында аквариум қойылып, қоян, тотықұс әкелінген. Жай көрме үшін емес, жануарлар мен құстар, балықтар балаларға қолжетімді, көзге түсетін орынға қойылған. Балабақша меңгерушісі Ардақ Исатайқызы бұл арқылы балаларға экологиялық мәдениетті қалыптастыруды үйретпек ниетті екенін айтады. Бөбектер ерте жастан достық пен жауапкершілікті, табиғатқа деген қамқорлықты үйренсе, бұл жобаның өз нәтижесін бергені дейді.

Ш.МҰХТАРҚЫЗЫ

Бүгінгі санда:

Қосшағылға жаңа су құбыры тартылмақ

Мал шаруашылығымен айналысып, ауласына бақша егіп күн көріп отырған Қосшағыл ауылдық округінің бірінші ауыл тұрғындары үшін техникалық су құбырының тартылуы – көптен күткен игілікті бастама.

»»»» 3

Бұл қауіп ой салуы тиіс

Балалардың терезеден құлауын шынымен кездейсоқ жағдай деуге бола ма? Мамандардың жауабы жоқ. Өйткені мұндай оқиғалардың дені техникалық ақаудан емес, қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болады.

»»»» 4

* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

II жартыжылдыққа баспасөзге
баламалы негізде жазылу жалғасуда



* Ауданға қатысты жаңалықтар
* Векті мақалалар, сұхбаттар
* Жарнамалар

Индекс: 65583

Баламалы негізде: 5 айға-1440 тг.

"Кен Жылой" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 9522



ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруді қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы